

Дүйсенова С.М.,  
Қылышбаева Б.Н.

**Қазіргі кезеңдегі Қазақстан  
студенттерінің ғылыми  
мотивациялары**

Ғылыми жаңалықтарды ашу барысында біз жаңа қырларды да ашамыз. Бұл ғалымдарға пассивті ләззат береді. Бұл ғалымдардың жаңалықтарды ашуға белсенді қатысуының нәтижесінен туындайды. Бұл сезім рухани қанағаттануға бағытталған мотивтері бар адамдарға қатысты. Олардың көбі ғылымға кездейсоқ келген, әлі бейімделіп үлгермеген адамдар. Ғылыми қызметте кейбір мотивтерді қолдауға болады, ал кейбірін түсіну қиын. Мақалада Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнындағы студенттердің ғылыми мотивациялары қарастырылады. Мақсаты білім саласында өз жолын таңдау барысында жас ғалымдардың мотивтерін талдау және оларды жете ұғыну болып табылатын жоғары оқу орнындағы білім алушылардың ғылыми мотивациялары бойынша әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Қазіргі қоғам әлеуметтік-экономикалық реформалау бойынша қиын кезеңді бастан кешіруде. Ғылымның жаңа деңгейге дамудағы трансформациясы жас зерттеушілерден күшті кадрлық потенциал жасауды талап етеді.

**Түйін сөздер:** ғылыми мотивация, жас ғалым, жоғары оқу орны, ҒЫЛЫМ.

Duysenova S.M.,  
Kulyshbaeva B.N.

**Scientific motivation  
of students of modern  
Kazakhstan**

When we make a scientific discovery, reveal a new facet. This gives scientists passive enjoyment. It is the result of the active participation of scientists in discovering the beauty. This feeling for those who have the motivation oriented for spiritual satisfaction. Most of them are people who have got into science accident just a little adapted to anything. In scientific activities, some motives are commendable and other is difficult to perceive. The article considers scientific motivation of young people of higher education institutes of the Republic of Kazakhstan. Was conducted sociological research on the scientific motivation of students of universities, whose aim is to analyze the motives of the young scientists in selecting their specialty and thoroughly dismantled. Modern society is going through a difficult stage of social and economic reform. Transformation of science to a new level of development requires the creation of a powerful staff potential of young researchers.

**Key words:** scientific motivation, higher educational institutions, young scientist, science.

Дүйсенова С.М.,  
Қылышбаева Б.Н.

**Научные мотивации  
студентов современного  
Казахстана**

Когда делаем научное открытие, выявляем новую грань. Это дает ученым пассивное наслаждение. Это результат активного участия ученых в раскрытии прекрасного. Это чувства для тех, у кого мотивация ориентирована для духовного удовлетворения. Большинство из них просто малоприспособленные к чему-либо люди, попавшие в науку случайно. В научной деятельности некоторые мотивы заслуживают одобрения, а других воспринимать трудно. В статье рассматриваются научные мотивации студентов высшего учебного заведения Республики Казахстан. Было проведено социологические исследования по научной мотивации обучающихся вузов, целью которой являются проанализировать мотивы, которыми руководствовались молодые ученые при выборе своих пути в образовательной сфере и детально их разобрать. Современное общество переживает сложный этап социально-экономического реформирования. Трансформация науки на новый уровень развития требует создания мощного кадрового потенциала из молодых исследователей.

**Ключевые слова:** научная мотивация, молодых ученые, высшие учебные заведения, наука;

## **ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ МОТИВАЦИЯЛАРЫ**

### **Кіріспе**

Тәуелсіз Қазақстан үшін тұлғаны қалыптастыру мәселесі, жалпы адамзат және ұлттық-мәдени құндылықтардың рөлі, сондай-ақ, жоғары оқу орнындағы білімнің орны мен мәні осы үрдісте шынайы белгілерге ие болды. Сондықтан, өзін нақты заманауи оқыту, кәсіби және тұлғалық қалыптасу, сонымен бірге, әртүрлі оқудан тыс «әлеуметтену» үрдістерін иемденетін тұлғаның білім беру стратегиясын зерттеу жай ғана өзекті болуымен шектелмей, жалпы мәселелі тақырыпты әзірлеудің тәжірибелі маңызды элементі болып табылады. Бұл қоғамды реформалау кезінде жас адамдар әртүрлі тәлім үлгілерін таңдауда өте күрделі жағдайда болуымен шартталған. Ересек ұрпақ өкілдері белгілі бір өмірлік және әлеуметтік тәжірибеге және сәл әлсіреген, бірақ сонда да, әлі жеткілікті орнықты құндылықтар мен өмірлік стратегиялар жүйесіне ие болып келеді, ал жас адамдардың жаңа қалыптасып келе жатқан әлеуметтік шынайылыққа енуі оларға әлеуметтік іс-әрекеттің әлеуетті үлгілерін қалыптастыруға, нивелирлеуге, бәлкім, олардың асоциалды іс-әрекеттерін басуға көмектесетін осындай базасы жоқ. Жастардың мотивацияларының ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі қазіргі кездегі кәсіби бағытталу саласындағы мәселелерді толықтай түсіну қажеттілігімен негізделген. Білім алу барысында, жастардың өмірлік жолын таңдау кезінде толық, адекватты мотивтердің жиынтығы болуы қажет. Бұл өз мансабын және өзін-өзі жетілдіруге қол жеткізу үшін сауатты рет-тестіруге көмектеседі.

### **Негізгі бөлім**

«Мотивация» термині (уэж – лат. moveo – «қозғау») ең бірінші рет А. Шопенгауэрдің «Жеткілікті себептің төрт қағидасы» атты мақаласында қолданылған болатын (1900–1910). Мотивация кең мағынасында – бұл адамның белсенділігін арттыру: оның қажеттіліктері, түйсіктері, әуестігі, сезімдері, мақсаттары, мұраттары және т.б. [1]

Мотивация екі фактормен айқындалады, олар: ұйымда қалыптасқан сыйақы мен еңбек жағдайы жүйесі және басшының

жеке басының қабілет-қарымы (басшылықтың стилі). Бірқатар ғалымдардың пікірінше мотивация жүйесінде адамға бағдарланған еңбек жағдайы (ұйым арасында қызметкерлердің жұмыс істеуіне жайлы жағдай жасау, ұйымдастыру мәдениетінің жоғары деңгейде болуы), сондай-ақ қызметкерлердің еңбегіне лайықты сыйақы төлеу, әдетте өнімділіктің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізуге жол ашатын басты қағида. Осыған орай мотивацияны талдау қазіргі заманда маркетингтік зерттеулердің біршама жаңа, келешегі зор бағытына айналып отыр. Мотивацияны зерттеу – тұтынушының нарықтағы мінез-құлқын айқындайтын себептер мен жағдайларды, ең алдымен әлеуметтік психология аясындағы себептер мен жағдайларды іздеп табуға саяды. Нақты аяда алғанда, айталық сатып алушының белгілі бір тауарды өз пайдасына таңдау жасауына қарай себептер кешенін зерделеп білу кәсіпорынның өткізу мен жарнама қызметінде кездесетін ықтимал қателерден аман болуына мүмкіндік береді. [2]

Қызметкерлерді басқару мәнмәтінінде мынадай анықтама беруге болады: «бұл мекеменің жеке мақсаттарына жету үшін өзін және басқаларды талаптандыру үдерісі». Эмпирикалық зерттеулердің негізінде мотивацияға және мотивация үдерісіне әсер ететін, факторларды сипаттайтын бірнеше тұжырымдамалар жасалынған болатын. Мотивация теориясын екі үлкен топқа бөледі: процессуалдық теориялар, және мазмұнды. Мазмұнды теориялар адамдарды осылай әрекет етуге мәжбүрлейтін, «сол ішкі талаптарды теңестіруге» негізделеді (қажеттіліктер). [3] Осыған ғалымдар А. Маслоу қажеттіліктер теориясын, Д. Мак-Клелланд жетістіктеріндегі қажеттіліктер теориясын, Ф. Герцбергтің екі факторлық теориясын және К. Альдерфердің теориясын жатқызады. Осы теорияларды толық қарастырып көрейік.

Менгерушілер адамдардың қажеттіліктерінің және олардың мотивацияға әсерінің қиындығы туралы, алғашы ғалымдардың бірі Абрахам Маслоудың еңбектерінен біледі. Оның тұжырымдамасының бағытына әсер еткен, бихевиористтер мектебіне жатқан.

А. Маслоу қажеттіліктің бес деңгейін көрсетті:

– бірінші деңгей – адамның өмір сүруін қамтамасыз ететін физиологиялық қажеттіліктер (тағам, ұйқы, микроклимат және т.б.);

– екінші деңгей – болашаққа сенімділік және қауіпсіздік қажеттіліктері;

– үшінші деңгей – әлеуметтік қажеттіліктер, адамның махаббатқа, қарым-қатынасқа талпынуы;

– төртінші деңгей – сыйластық және өзін-өзі қадірлеу, қоғамдық ықылас, өзін-өзі толық қалыптасқан тұлға ретінде санау қажеттіліктері;

– бесінші (жоғары) деңгей – қызметте өз ойын білдіру, даму, қабілеттілік, шығармашылық мақсаттарын жүзеге асыру қажеттілігі.

А. Маслоу тұлғаның дамуы үшінші, төртінші деңгейлердің басымдылығынан тоқтатылуы мүмкін екендігін болжаған. Тек қана төменде көрсетілген қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін мүмкіндік жасау шартымен ғана жоғары деңгейдегі қажеттіліктер маңызды болады. [4] Бірақ оның ізбасары М.Х. Мескон бұл тұжырыммен келіспеді: «адамдар қауіпсіздік қажеттілігі немесе олардың физиологиялық қажеттіліктері толығымен қанағаттандырылғаннан бұрын өз орнын кейбір қауымдастықтардан іздей бастайды». А. Маслоу ойы менеджмент тәжірибесінде кеңінен қолданылды. Бірінші және екінші деңгейлерді қамтамасыз ету бойынша менеджерлерге ұсыныстар жасалған болатын (ыңғайлы, қолайлы, тиімді ұйымдастырылған жұмыс орнын жасау, құқықтық кепілдемелер, еңбек ақысы және т.б.). Сонымен қатар жоғары деңгейдегі қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін сәйкес ұсыныстар жасалды. [3]

А. Маслоу теориясының кеңінен таралғандығын айта кетуіміз керек. Бірақ, ғылыми басқару қағидаларының ізгілендіруіне қосқан маңызды үлесіне қарамастан, ол көптеген сынға алынды. [5] Бұл теорияда адамдардың жеке айырмашылықтарын есепке алмайды делінеді: себебі әр адам үшін өзіндік басым қажеттіліктері болады. Сонымен қатар қажеттіліктер А. Маслоу көрсеткендей дәл сол иерархияны әрқашан орындамайтындығын көрсетеді. Қанағаттандырылған жұмысшы – жақсы жұмысшы деген жорамал күмән тудырады. Сонда да, А. Маслоудың өшпес еңбегі, оның көптеген ғалымдарды еңбек қызметіндегі мотивациясын түсіндіруде жаңа әдістерді іздеуге ынталандырғандығында. А. Маслоудың артынан ХХ ғасырдың 40 жылдарында өзінің теориясын жасаған, 1950 жылдары Д. Мак-Клелланд және оның әріптестері мотивацияны белсенді зерттей бастаған. Олардың ойларына сәйкес адамдардың еңбек тәртібінің түрлерін, варианттарын түсіну үшін қажеттіліктердің үш түрінің ғана сипаттары және оларға сай уәждер жеткілікті: жетістіктердегі қажеттіліктер, топтық қатардағы қажеттіліктер және биліктегі қажеттіліктер. Д. Мак-Клелланд адамда қажеттіліктің үш түрі әртүрлі шамада көрсетілгендігін айтады. Ол, сонымен қатар адамдар бұл шамаларды саналы түрде өзгерте алатындығын анықтады,

яғни өздерінің қажеттілігінің, уәждерінің маңыздылығын өзгерту.

Бұл теориялар аясында нақты уәждердің нығаюына әсер еткен, арнайы тренингтердің рәсімдері жасалған болатын. Ғалымдар «Д. Мак-Клеландтің жетістігіндегі қажеттіліктер теориясы шынайы өндірістік жағдайда көп тәжірибелік қолданысқа ие» екендігін айтады. [6] Бірақ, сонда да бұл теорияда әлі де зерттелуі тиіс проблемалар бар. К. Альдерфердің мотивация теориясын (ERG) қарастырайық. Кейбір ғалымдар оны А.Маслоу ойын дамыту түрі ретінде қарастырады. К. Альдерфер үш негізгі қажеттіліктер бар деп болжайды:

өмір сүруге байланысты қажеттіліктер;

басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудағы қажеттіліктер;

дамудағы қажеттіліктер.

А. Маслоу теориясынан айырмашылығы мұнда, бұл үш негізгі қажеттіліктер бір-бірімен иерархиялық тәуелділікпен байланыспайды, сонда да бұл қажеттіліктер бір уақытта бізге әсер ете алады. Сонымен қатар, егер кейбір қажеттілік толығымен қанағаттандырылмаса, басқа қажеттілікке көшіп кетуі әбден мүмкін. Осылайша, әртүрлі қажеттіліктер бір-бірінің орнын толтыра алады. Бұл теория А.Маслоудың мотивация теориясына қарағанда, көп деңгейде адамдардың жеке мінез-құлықтарын ескеретіндігін айта кеткен дұрыс.

Жалпылай, мазмұндық теориялар бойынша келесідей тұжырым жасауға болады: жоғарыда көрсетілген теориялардың әрқайсысы кез келген мекемеде кез келген адам үшін әмбебап тәсілді қолдануға тырысады. Бірақ кез келген теориялық зерттемені тәжірибеде қолдану тек қана адамның сыртқы ортасын ғана емес, сонымен бірге ішкі ортаны да зерттеуді талап етеді. Әр теорияның олқылығынан құтылу үшін, меңгерушілер мотивацияның мазмұндық теориясымен таныс болуы керек, және оларды өзінің эвристикалық есептеулер тәжірибесінен шыға келе қолдануы тиіс.

Келесі жас адамдарда кездесетін мотивацияны зерттеу үшін ұсынылатын «құндылықты бағыттар» әдіс (авторы М. Рокич). Құндылықты бағыттар жүйесі тұлғаның бағыттылығының мазмұнды жағын анықтайды және оның қоршаған ортаға, басқа адамдарға деген қарым-қатынасының негізін құрайды. Бұл әдістеме құндылықтар тізімін тікелей саралауға негізделген. М. Рокич құндылықтардың екі табын ажыратады:

терминалды – қандай да бір соңғы мақсатқа жетуге тырысу қажет екендігіне сенеді. Бұл тап

наным деңгейінде нормативті мұраттарға, тұлғаның құндылықтарына, құндылықтар құрылымына жауап береді;

инструменталды – қимылдың кейбір бейнесі немесе тұлғаның ерекшелігі кез-келген жағдайда артығырақ болады дегенге сенеді. Бұл тап әлеуметте көрінетін іс әрекет, тұлғалық басымдылық деңгейіндегі құндылықтарға жауап береді.

Құндылықтар иерархиясын талдай келе, олардың әртүрлі негіздер бойынша мазмұнды блоктарда сыналған топтарына көңіл бөлген дұрыс. Сонымен, «нақты» және «абстрактты» құндылықтармен, кәсіби өзін-өзі дамыту және жеке өмір құндылықтарымен және т.б. ерекшеленеді. Аспаптық құндылықтар этикалық құндылықтарға, қарым-қатынас құндылықтарына, іс құндылықтарына; өзін-өзі таныту құндылықтары және басқаларды қабылдау құндылықтары және т.б. топтастырылуы мүмкін. Субъективтік құрылымының барлығы бірдей құндылықты бағыттар жүйесі болып табылмайды. Бұл әдістеменің негізінде құндылықтар тізімін тікелей саралау жатыр, оның нәтижесі сыналушының өзін-өзі бағалау адекваттылығымен тығыз байланысты және соған сәйкес, оның сенімділігі төмендейді. Бұл әдістеме бойынша мәліметтерді басқа әдістердің мәліметтерімен нығайту ұсынылады. [7]

Қазақстандық зерттеуші Г.С. Әбдірайымова жүргізген зерттеулерінде қазақстандық ғылымның даму деңгейіне баға берген. Қазіргі кезеңдегі жас ғалымдардың қазақстандық ғылымның даму деңгейін бағалауы олардың жағдайды сыни тұрғыда қабылдайтындығынан хабар береді деуге толық мүмкіндік береді. Бұл сұрақ бойынша жастардың қоғамдық пікірінде біржақты баға беру байқалмайды десе болады. Сандық тұрғыдан респонденттердің басым бөлігі «Қазақстандық ғылым ТМД өлшемі бойынша орташа деңгейде» деген жауап нұсқасын белгілеген – 27,5%. Респонденттер ең үлкен бағаны ғылыми кадрлардың деңгейіне берген, ең алдымен тәжірибе мен біліктілікке (6,1 баллдан). Үшінші орында ақпараттық қамтамасыздандыру – 5,8 балл. Ең төмен бағаға ғалымдардың жалақысы ие – 4,3. Рейтингтің аяқ жағынан, сонымен қатар «Ғылыми жетістіктерді тәжірибеге ендіру» және «Ғылыми мекемелерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету» пункттері бар. Қалған көрсеткіштер бойынша бағалар 5,5 пен 5,2 баллдардың арасында ауытқып тұр. [8]

Қоғамды дамыту жағдайында білім заманауи мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші, оның интеллектуалды шамасының, жағдайының деңгейі болып табылады. Қазіргі уақытта қоғам-



ның барлық саласы тікелей ғылымға байланысты, сондықтан ғылыми қызметтің, ғылыми-техникалық инновациялар қажетті болып қана емес, сонымен қатар Адам қызметінің кез-келген түрінің дамуының басты шарты болады.

Г. Беккер мен Т. Шульц интеллектуалды шаманы тасымалдаушы ретінде білімі бар, білімді қайта меңгеруге епті әртүрлі әлеуметтік топтар шыға алады дейді. Интеллектуалды шама астында олар ең алдымен жоғары деңгейде кәсіби біліктілігі, шығармашылық қызметтің дағдылары бар және кәсіби құрылымдарымен айналысатын, экономикалық белсенді халықты айтады, олардың жұмысы жоғары деңгейде белсенділікті және теориялық білімді қолдануға негізделген [9].

Д. Белл постиндустриалды қоғамының тұжырымдық көзқарасы бойынша, қоғамды дамытудың басты қоры, оның ғылыми кадрлары болып саналады. Олар ғылыми қауымдастықта құрылған, ғылыми-зерттеу қызметінің және іс әрекетінің нормалары және құндылықтары, мұраттары, оның материалды-техникалық базасы, ғылымның ұйымдастырылған және институционалды құрылымы, жиналған ғылыми білімнің жүйесі ретінде, оның осындай жасалымдарымен бірдей, бірегей ғылыми шаманың, мемлекеттің, аумақтың, саланың және т.б. органикалық бөлігі болып табылады. Білімді тікелей тасымалдаушы ретінде, продуктивті зерттеушілік қызметке, жаңа білімді меңгеруге, сонымен қатар өзін-өзі жаңғырту қабілеттері ғылымның ең маңызды бөлігін құрайды. Ғылыми кадрлар инновациялық үдерістің тұрақтылығын анықтай отырып, интеллектуалды өнімдерді және ғылыми-техникалық жетістіктерді жасауда маңызды рөл атқарады, сондықтан олардың секторлары (өнеркәсіп, мемлекет, университеттер) мен функциялары (өндіріс, зерттеу және оқыту) бойынша үлестірілуі шектелген әлеуметтік қорларды қолдануға қатысты саясаттың негізін құрайды [10].

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін интеллектуалды қорлардың эсерінің күшейуі олардың өзін-өзі жаңғыртуын басқару, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды дамыту және сақтау мәселелері өзектеді. Бұл стратегияны көптеген аспектіде жүзеге асыру, ғылыми-зерттеушілік немесе ғылыми-педагогикалық қызметпен, көбінесе қолданбалы, іргелі ғылыммен және жоғары кәсіби білім берумен айналысатын, әлеуметтік мәдени және жаңашылдық талабы бар жас буынмен байланыстырады. Бұл топты бірінші кезекте жас ғалымдар бастайды.

Төменде біз бұл топтың әлеуметтік сипатын қарастырып және «жас ғалым» категориясының шекарасын анықтаймыз.

Берілген «жас ғалымдар» топтарын кеңес одағы кезіндегі ғылым институтында XX ғасырдың 60 жылдарында бола бастады, ол кездерде әлем мойындаған ғылыми жетістіктерге жеткен болатын, осылайша ғылым кеңес өкіметімен қатаң қадағаланып отырды. Осы кезеңде алғаш рет жас ғалымдарға арнап конференциялар өткізіліп жүрді, нәтижесінде жас ғалымдар мен мамандар Кеңесі құрылды. Кеңес үкіметінен кейін қоғам мен мемлекеттің осы саладағы ғалымдарға деген ықыласы XX ғасырдың 90 жылдары белсене түсті, бұл уақытта отандық ғылым қазақ қоғамының өзгеру салдарынан қиындыққа тап болды, нәтижесінде экономиканың тұтынушылық секторына және ғалымдардың шет елдерге шыға алмағандықтарынан ғылымның кадрлық жағдайы төмендеп кетті. Осы кезеңде «жас ғалым» ұғымын ғылыми ортаға енгізу XX-XXI ғасырларда шетелдерде Қазақстанның әлеуметтік-саяси жағдайын көрсетіп тұрды және тарихи кезең сипатында көрінді: кризистер мен күйзелістер кезеңінде ғылым қиындықтарға тап болады, бірақ дәл осы кезде ол мемлекеттің осы кезеңнен шығуына ықпал етеді. Білікті ғылым кадрлары дәстүрлі инновациялық жүйе экономикасының өсуіндегі қайнар көзін құруда өте маңызды рөл атқарады. [11]

Қазіргі қазақ қоғамында жас ғалымдардан құралған әлеуметтік-кәсіби топтардың жұмыс істеуі үшін институционалды жағдайлар жасалуда: ғылыми қорлар, бағдарламалар құрылып, конференциялар, конкурстар, ғылыми мектептер және т.б. өткізілууде. Қазақстандық ЖОО және мекемелерде жұмыс істейтін жас ғалымдар қауымдастығы өзін-өзі дамыту қағидасымен қызмет етеді, ЖОО Ғылыми кеңесінде немесе аймақтық білім беру ғылыми мекемелерінде, ғылыми-техникалық кеңестерде және т.б. өкілеттілігі бар.

Ғалымдардың әлеуметтік-кәсіби топтарының қызмет ету мәселелері бойынша, шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерін зерттеу негізінде, сонымен қатар ресейлік және америкалық ұлттық зерттеу университеттерінің, ғылыми қорлардың және бағдарламалардың сайттарын саралауда біз мынадай шешімге келеміз. Ғылыми дискурста «жас ғалым» категориясының бір мәнді анықтамасы жасалмаған, осы топқа сай тәртіптердің әлеуметтік, кәсіби үлгілерін түсіндіру, жастық шекараларды анықтауға мүмкіндік береді, бұл түсінікті тұжырымдауға талпынады.

Қазақстандық ғылыми дискурста осы топқа жатқызылатын маңызды өлшемдер ретінде біріншіден - жас өлшемін, екіншіден – біліктілігін айтады (жоғары білім туралы диплом, ғылыми дәрежесі). Осыған қарамастан, бұл әлеуметтік топқа, жас ерекшелігі 40 жасқа дейінгі ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-техникалық немесе ғылыми-педагогикалық тәжірибемен айналысатын интеллектуалды жастардың әртүрлі категориялары кіре алады (магистранттар, докторанттар, ғылым кандидаттары, жас мұғалімдер, ғылыми қызметкерлер және т.б.). Жас факторы өте маңызды, себебі, қазіргі кезде жастар әлеуметтік тобы мемлекеттік ғылыми-техникалық, жас, әлеуметтік, демографиялық саясаттың және т.б. назарында. Осының аясында жастардың өмір сүру сапасын және деңгейін жақсартуға бағытталған бағдарламалар жасалуда, және бұл аймақтық және республикалық деңгейде жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларды ғылымға тарту үшін жасалатын жұмыстарға талдау жасау үшін беріліп отырған әлеуметтік топтың ұстанымын анықтап алу қажет болды. Сауалнамаға еліміздің әртүрлі жоғары оқу орындарынан 182 студент қатыстырылып, жалпы сауалға жауап беруге талпыныс 396 рет, ал, қол жеткізген респонденттердің көрсеткіші 46 пайызды құрады. Сауалнама әдісі – электронды пошта арқылы сұрау. Осылайша, бұл зерттеу

электронды пошта, онлайн сұрақ-жауаптар негізіндегі сауалнаманың кемшіліктерін көрсетіп берді: ол сұрақ-жауапқа арналған тұтас бір топтың қол жеткізген көрсеткішінің төмен екендігі. Ал, басқа зерттеулердің жинаған тәжірибесі көрсеткеніндей, сұрақ-жауап кезіндегі жеке стандартталған және жартылай құрылымдалған сұхбат тәсілдері бойынша респонденттер жоғары пайызға қол жеткізген.

Аталмыш зерттеудің болжамы:


гендерлік белгі бөлінісінде жастар білім және ғылым стратегиясында айырмашылық бар;

білім саласы бөлінісінде жастар білім және ғылым стратегиясында айырмашылық бар;

білімін жалғастыруға ниетті бөлімде жастар білім және ғылыми стратегиясында айырмашылық бар.

Бұл келтірілген мәліметтерді өңдеу SPSS деп аталатын статистикалық бағдарламаның көмегімен жүзеге асырылды. Мәліметтерді талдау кезінде жиілік және желілі үлестіру талдауы қолданылды, кестенің талдауы Chi-square статистикалық белгілер ерекшелігімен анықталды.

Студенттердің, оның ішіндегі бакалавриатта оқитындарының сауалнамасының нәтижесі бойынша, жас жігіттерге қарағанда, қыздардың пайызы басымырақ, бұл жайындағы респонденттердің гендерлік жіктелуі туралы мәлімет 1-диаграммада көрсетілген.



1-диаграмма – Респонденттерді гендерлік белгілері бойынша бөлу

Зерттеуге қатысушылардың білім сапасы 1-диаграммада көрсетілген. Мәліметтер гендерлік бөлімде толықтай ұсынылған. Зерттеу қорытындысына сәйкес, гендер бөлігінде білім саласы бойынша анағұрлым түрлі статистика жоқ. Өзгешелік пайыздық көрсеткіштен ғана көрінеді, сол бойынша бұл жас жігіттер мен қыздардың арасындағы білім саласы бойынша өзгешеліктің

орын алғанының белгісі. Бұл мәліметтегі білімін магистратурада жалғастыруға ниетті студенттер жайындағы зерттеу, мәліметтер гендерлік бөлінісінде, сол сияқты жалпы респонденттер бойынша көрініс тапқан. Қолға тиген мәліметтер магистратурада білімін жалғастырғысы келетіндер жас жігіттерге (58,6%) қарағанда, қыздардың арасында (64,3%) көптеп табылатынын дәлел-

дейді. Жалпы студенттер арасында магистратураны жалғастырғысы келетіндердің пайыздық көрсеткіші 62%, жалғастырғысы келмейтіндердің пайыздық көрсеткішінен 38% басым.

Сонымен бірге, білімдерін магистратурада жалғастыру ниеті білім саласында талқыланып, талданды, алынған мәліметтер 1-кестеде келтірілген. Талдау нәтижесі магистратураға түсуге ниет етушілер әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласындағы студенттер арасында кең тарағанын көрсетті.

Бакалавриаттағы студенттердің магистратурада білімдерін жалғастыруға ниетті респонденттерге себебін білу мақсатында: «Егер де

сіз магистратурада біліміңізді жалғастырғыңыз келсе, бұл шешіміңіздің себебін айтып беріңізші?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа орай берілген жауаптың нәтижесі бойынша, көптеген бакалавриаттар магистратурада білімдерін жалғастыру арқылы олар білім және ғылым стратегиясын, яғни, өздерінің білім дәрежелерін көтеріп, ғылыммен айналысу мақсатында емес, еңбек және мансапқа қызығушылық себебіне сәйкес оқуына тура келетіндіктерін айтқан. Бакалавриаттағыларды магистратураға түсуге итермелейтін себептер көрсетіліп, гендерлік белгі саласы бөлімдерінде талданып, талқыланды.

**1-кесте** – Бакалавриаттағы студенттердің магистратура бөлінісінде білімдерін жалғастыруға ниеттері білім саласы бөлінісінде «ЖОО аяқтағаннан кейін Сіз магистратураға түсуді жоспарлайсыз ба? \*» қарастырылады

	Білім беру саласы		Барлығы
	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар	Жаратылыстану және техникалық ғылымдар	
Магистратурада оқуды жалғастыруға ниетті	69	53,7	62,1
Магистратурада оқуды жалғастыруға ниеті жоқ	31	46,3	37,9

Бакалавриаттағыларды магистратураға түсуге итермелейтін себептер көрсетіліп, гендерлік белгі саласы бөлімдерінде талданып, талқыланды. Талдау нәтижесі 2-кестеде ұсынылған. Мәліметтердің айырмашлығы статистикалық тұр-

ғыдан болар-болмас. Сонымен бірге, мынадай келесі бір беталыс байқалады: «Магистратураға түсу – басқа сәйкес келетін жұмыстың жоқтығынан, амалсыздан баратын жол» деген себеп қыздардың арасында кең тараған.

**2-кесте** – Гендерлік бөлімдегі магистратураға түсу себебін жіктеу «Егер иә болса, Өз шешіміңіздің себебін атаңыз? \*»

	Жынысы		Барлығы
	Ер	Әйел	
Магистратураны аяқтау ары қарай ғылыми қызметпен айналысу мүмкіндігін береді	22,0	12,5	15,9
Магистратураны аяқтау жұмысқа тұру мүмкіндігін арттырады	41,5	44,4	43,4
Магистр дәрежесі табысты мансап жасау мүмкіндігін береді	26,8	31,9	30,1
Магистратураға түсу – мәжбүрлі шара, себебі, лайықты жұмыс жоқ	9,8	11,1	10,6

Жалпы ғылыми-зерттеу жұмысындағы бакалавриаттардың белсенділігін анықтауда сауалнамаға қатысушылардың барлығына «Сіз студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысасыз ба?» деген сұрақ қойылды. Мәліметтерді талдау көрсеткеніндей, гендерлік бөлімде және білім саласы бөлінісінде ерекше статистикалық өзгешелік байқалмайды.

Сонымен бірге, ғылыми-зерттеу жұмысындағы бакалавриаттардың айналымы белсенділігі магистратураға түсуге ниет білдіру бөлінісінде талқыланды. Мәліметтер 3-кестеде көрсетілді. Бұл кестеде өзгешелік статистикалық тұрғыдан елеусіз. Бірақ та, мынадай қызық беталыс байқалады: ғылыми-зерттеу жұмысына студенттердің белсенділігі мәжбүрлі сипат алады, олар ғылыми

жұмысқа талаптанбайды, сондықтан, олар ары қарай магистратурада білімдерін жалғастырып, ғылыми қызметпен айналысуды жалғастыруға ниеттері жоқ.

**3-кесте** – Ғылыми-зерттеу жұмысындағы студенттердің белсенділігі «Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысасыз ба?\*

	ЖОО аяқтағаннан кейін Сіз магистратураға түсуді жоспарлайсыз ба?		Барлығы
	Магистратурада оқуды жалғастыруға ниетті	Магистратурада оқуды жалғастыруға ниеті жоқ	
Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысады	45,1	53,6	48,4
Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатыспайды	54,9	46,4	51,6

Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға итермелейтін себепті анықтау үшін сауалнамаға қатысушыларға «Сіз неге ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысасыз?» деген сұрақ қойылды. Зерттеу анықтағанындай, студенттердің басым көпшілігі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен өзіндік мақсаты мен ниетінің құлап тұрғанынан емес, мәжбүрлікпен ғана айналысады. Сондықтан да, студенттердің басым көпшілігі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ғылыми жетекшілерінің, кураторларының, кафедра меңгерушілерінің міндеттеуінің арқасында айналысады. Сонымен бірге, студенттердің белгілі бір бөлігі ғылыми жұмысқа қызыл диплом алу немесе магистратураға түсуге мүмкіндік алу үшін ден қояды. Талдаудың нәтижесі көрсеткендей, «Маған ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысқан ұнайды» деген жауаптар магистратурада білімін жалғастыруға құлықты студенттердің, қыздардың арасында көптеп таралған. Магистратураға түсуге, шынында да, ғылыми жұмыспен айналысуға қызығушылығы бар студенттердің белгілі бір бөлігі, яғни, біз күткен беталыс осылайша бекітілді.

Мәліметтер көрсеткеніндей, бакалавриаттардың басым көпшілігі ғылыми-лабораториялық базаны жарақтандыру қажеттігін алға тартады. Сол арқылы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым үшін маңызды болып табылатын компьютерлерді қазіргі заманға сай мәліметтерді талдау, өңдеу бағдарламаларымен қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсетеді. Студенттердің көзқарасынша, ғылыми-лаборатория базасын жарақтандыру жеткіліксіз, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына деген құлшынысын арттыру үшін ғылыми-лабораториялық базаны түбегейлі жаңарту керек. Бұл деген сөз ғасырлық ақпараттық технология бағдарламаларын, техниканы жаңартуды көздеу, үнемі жаңа ақпараттық бағдарламаның құрылуы жастардың қазіргі жаңартылған ресурстармен тығыз байланысты күтуі. Ал, жастар ғылыми-лабораториялық базаны барынша жаңартудың соңына түсудің қиын екенін, тек ғылыми жұмыстың негізінің классикалық үлгісі бар екенін түсіне бермейді.

Тағы бір өзіндік әсері бар фактор ол жас ғалымдарды материалды тұрғыдан қолдау болып табылады. Сондықтан да, зерттеуге қатысушылардың 33,1 пайызы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына міндетті түрде ақы төлеу керектігін айтады. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартудың үшінші тәсілі студенттердің қызығушылығын қанағаттандыруда оларды ғылыми тәжірибе жинақтау үшін барлық мүмкіндікті жасау керек. Сол үшін де студенттердің 24,9 пайызы студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы ұйымдастыруда шетелдік әріптестерді, ғылыми зерттеу институты ғалымдарын тартудың қажеттігін көрсеткен. Зерттеудің анықтағанындай, студенттердің белгілі бір тобының тәжірибелі ғалымдармен, соның ішінде шетелдік ғалымдармен жұмыс істеуге, осы арқылы өз білімдері мен тәжірибелерін де толықтырып, біліктіліктерін арттыруға қызығушылықтары мол екендіктері белгілі болды.

Жас ғалымдардың әлеуметтік мінез-құлқына, олардың кәсіби стратегиясы мен қойылымдарына табыс пен білім беру (біліктілік) деңгейі секілді өз беделдерінің маңызды компоненттерінің сәйкес келмеуі едәуір әсер етеді. Аталған топтағы беделдік келісімсіздік салдары ғылым саласының төменгі беделі, жастардың ғылым мен жоғарғы білім беру саласынан тығыз ағымы, олардың ғылыми тәжірибесін шет елдерде жалғастыру үшін шет елдерге еңбек көші-қоны секілді әлеуметтік мәселелердің күрделенуі, сол сияқты, тө-



менгі кәсіби мобильділік, әлеуметтік сегрегация, әлеуметтік апатия өсімі, өз кезегінде оның әлеуметтік беделінің маргиналдылығын күшейтеді. Жастар арасындағы білім беру мен ғылым саласының беделінің төмендеуі статустық келісімсіздік нәтижесі ретінде және жоғарғы мектепті реформаландыру жағдайындағы кәсіби қызметке деген талаптардың жоғарылығы болып табылады.

Жас ғалымдардың әлеуметтік беделін сипаттауда талдау үшін келесі негіздерді бөліп қарастыруға болады:

әлеуметтік-кәсіби стратификациядағы (тұлғаның (топтың) биліктік, экономикалық, мәдени-білім беру ресурстарына, зерттеушілік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейіне баға беру) әлеуметтік беделінің объективті сипаттамалары;

әлеуметтік стратификацияның түрлі өлшемдеріндегі объективті сипаттамаларының (табыс, мамандық беделі, білім деңгейі және т.б.) сәйкестік деңгейі;

топты әлеуметтік мәдени жаңғырту үдерісінің сипаттамасы (жоғарғы кәсіби білім беру мен ғылым институтының дамуының заманауи тенденциялары);

жас ғалымдардың кәсіби қызмет мазмұнымен, қоғамдағы әлеуметтік жағдайымен, мамандықтың ынталық факторларымен, әлеуметтік мақсаттар мен бағыттармен, кәсіби және тұлғалық стратегиялармен және т.б. қанағаттанушылық деңгейін білдіретін субъективті сипаттамалары;

жас ғалымдар мен жас зерттеушілердің (типологиялық белгілері) құрылымындағы айтарлықтай өзгешеліктерінің айқындалуы.

Эмпирикалық деңгейде ғылым мен инновация саласында зерттеулердің кемшілігі эмпирикалық деңгейде анықталады, аймақтық және федералдық деңгейлердегі мемлекеттік реттеудің тиімді механизмдері мен адекватты ғылыми-техникалық саясаты, аталған саланы ғылыми талдаудың кешенді жүйесі жоқ. Әлеуметтану зерттеулер нәтижелеріне сүйенетін қарастырылатын саладағы көз жеткізерлік сараптамалық базаның құрылуы ғылыми, ғылыми-техникалық, әлеуметтік және кадрлық саясатты жасауға негіз болады. Көбінде ғылыми-зерттеушілік қызметпен айналысатын, жастардың әлеуметтік мәселелері қарастырылатын мониторингтік социологиялық зерттеулердің жетіспеушілігі байқалады: ғылыми мансапты таңдау ынтасы, ғылыми қызметтің құндылықтарын, оның нәтижелілігінің шарттарын, ғылыми қауымдастыққа енудегі әлеуметтік кедергілер, кәсіби құзіреттіліктердің қалыптасуы және т.б.

## Қорытынды

Қазіргі әлеуметтану жайындағы пікір білім алу мүмкіндіктері мен өмірлік ұстанымның «сырт пішіні» ретінде жастардың білім стратегиясын зерделеуге әрекет етуден тұрады. Жастар өмірлік мақсатқа жету амалдарында білім қағидалары мен құндылықтарын ауыстырып, субъективті білім мен шынайы өмірлік жоспарлардан бас тарта отырып, білімдегі белгілі бір диспозицияларды тудырады. Қазақстандық білім жүйесі ақпараттық технологиялар мен жаңа білім стандарттарын енгізумен байланысты әлемдік жүйеге енеді. Жастардың білім стратегиялары жаһандандудың әсерімен «жекешеленуде», жастардың білім стратегияларының когнитивті тұтастығының төмендеуіне әкелетін депривациялық және демонстрациялық әсерлермен анықталады. Білім стратегиялары, сәйкесінше, біліммен емес, өмірлік дағдылар бақталастығымен байланысты тәртіптің қол жеткізген үлгісін жетілдіру, болашағы бар және маңызды білімді алуға ұмтылумен анықталады.

Жоғары білімде «жеткілікті білім» деп аталатын қайта бағдарлау қондырма қабатын және білім ресурстарына белгілі бір топтық монополияның, ақылы білім қызметтерін кеңейту әсерімен білім ресурсына жастардың түрлі тобының біркелкі қол жеткізе алмауы сияқты әлеуметтік теңсіздік жаңғыртылады. Жастардың өмірлік диспозициялары бұрынғы ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесінде теріске шығарылады және бұл жағдайдың күші әлеуметтік ұсақорта қызығушылығы мен білім үлгілерін алып пайдалануға негізделді. Респонденттердің басым көпшілігі әлеуметтік-оқиғалы орнатуды жүзеге асырады, яғни, лезде табысқа жетумен және әлеуметтік ұсақ ортаның таптауымен байланысты; олар топтық ұқсастықты құру мен кәсіби әлеуметтану жүйесі ретінде білімге жақсы қатынас көрсетпейді.

Білім үдерісінде өмірлік мақсатты қайта анықтау өлшемі бойынша білім бағыттары түзетіліп жатады. Респонденттер білімді жеке өмірге дайындық уақыты ретінде қарастырады және ресурстарды жинауға арналған агенттің мәртебесін пайдаланады. Ғылыми стратегия жас ұрпаққа кәсіби білім алу түрі мен ғылымның өз саласында алдыңғы қатарлы технология негізінде бәсекеге қабілеттілікті арттырумен қамтамасыз ететін ғылыми зерттеуді жүзеге асыру тәсілін таңдауды қояды.

Бакалаврлардың көпшілігі магистратурада білімдерін жалғастыруға білім және ғылым стратегиясына орай, өз білімдері деңгейін көтеру, ғылыми жұмыспен айналысу себебімен емес, еңбек

және мансапты табысқа қол жеткізуге қызығушылықтың арқасында барады. Көптеген студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарымен өз ықыластарымен немесе мақсаттарымен емес, мәжбүрлі түрде барады. Көптеген студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ғылыми жетекшілерінің, кураторларының, кафедра меңгерушісінің талабымен ғана айналысады. Сол сияқты студенттердің тағы бір бөлігі ғылыммен қызыл диплом алу үшін немесе магистратураға түсуге мүмкіндікті арттыру мақсатында айналысады. Студенттермен жүргізілген зерттеу нәтижесі келесідей тұжырымға келді.

зерттеу барысы көрсеткеніндей, гендерлік бөлімде жастардың білім және ғылым стратегиясында айырмашылық болмағандықтан, бұл болжамдарды қабылдамаймыз.

білім саласы бөлінісінде жастардың білім және ғылым стратегиясында ерекше өзгешелікті зерттеу анықталмағандықтан, бұл болжамдарды қабыл алмаймыз.

магистратурада білімдерін жалғастыруға құлықты бөлімде жастардың білім және ғылым стратегиясында өзгешелік болмағандықтан, бұл болжамдарды қабыл алмаймыз.

### Әдебиеттер

- 1 Пряжников Н.С. Мотивация трудовой деятельности. – М., 2008.
- 2 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
- 3 Мескон М.Х. и др. Основы менеджмента. М., 1992.
- 4 Маслоу А. Самоактуализация // Психология личности: тексты / под ред. Ю.Б.Гиппенрейтер, А.А. Пузырея. – М., 1982.
- 5 Носкова О.Г. Психология труда – М., 2004.
- 6 Шульц Д., Шульц С. Психология и работа. – СПб., 2003.
- 7 Наука как ценность в социальной ориентации молодых ученых Казахстана [Текст] / Г. Абdirайымова, А. Садвокасова // Саясат - Policy. - 2008. - №5. - С. 109-111.
- 8 Абdirайымова Г.С. Қазақстанның жас ғалымдары: социологиялық бейнеге негіздеме. Ғылыми басылым. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012 ж. -85б.
- 9 Попова И.П. Интеллектуальный потенциал развития профессиональной структуры российского общества: к проблеме определения// Россия: тенденции и перспективы развития. - М.: ИНИОН, 2007.-Вып. 2.-С. 611-618.
- 10 Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования / Д. Белл. - М.: Academia, 1999. – 320 с.
- 11 Abdirajymova G.S., Verevkin A.V. Scientific, educational strategies of young scientists as representatives of Kazakh middle class // International Conference on Behavioral and Psychological Sciences. World Academy of Science, Engineering and Technology 2014 №116.

### References

- 1 Pryazhnikov N.S. Motivation of labor activity. – Moscow, 2008.
- 2 «Kazakhstan»: National encyclopedia / Head of editor A. Nysanbaev – Almaty: «Kazakh's encyclopedia « Home Edition, 1998.
- 3 Meskon M.H. et al. Principles of Management. M., 1992.
- 4 Maslow A. Self-actualization // Personality Psychology: text / ed. Yu.B.Gippenreyter, A.A. Puzyreya. – M., 1982.
- 5 O.G. Noskov Work Psychology – M., 2004.
- 6 Shultz D., Schultz S. Psychology and work. – St. Petersburg, 2003.
- 7 Science as a social value orientation of young scientists of Kazakhstan [Text] / G. Abdirajymova, A. Sadvokasova // Sayasat – Policy. – 2008. – №5. – P. 109-111.
- 8 Abdirajymova G. Young scientists of Kazakhstan: rationale sociological portrait. Scientific publishing. Monograph. – Almaty, «Kazakh University» 2012. – P 85.
- 9 Popova I.P. Intellectual potential of the occupational structure of the Russian society: the problem of determining // Russia: Trends and Prospects. – M.: INION, 2007, vol. 2.-S. 611-618.
- 10 Bell D. The future of postindustrial society. Experience in social forecasting / D. Bell. – M.: Academia, 1999. – P 320.
- 11 Abdirajymova G.S., Verevkin A.V. Scientific, educational strategies of young scientists as representatives of Kazakh middle class // International Conference on Behavioral and Psychological Sciences. World Academy of Science, Engineering and Technol-